



"Негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет регламентін бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 27 желтоқсандағы N 531 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 7 ақпанда N 2161 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 23 мамырдағы N 202 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл аудандық әкімдігінің 23.05.2013 N 202 қаулысымен

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31, 37 баптарына, «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1 бабының 4 тармағына, «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, жергілікті атқарушы органдар көрсететін білім және ғылым саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 тамыздағы № 1119 қаулысына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған «Негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру» мемлекеттік қызмет регламенті **б е к і т і л с і н .**
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімінің орынбасары Айнагүл Кәкімжолқызы Бектасоваға жүктелсін.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Есіл ауданының әкімі *Солтүстік Қазақстан облысы*
Е.Нұрақаев

Солтүстік Қазақстан облысы
Есіл ауданы әкімдігінің
2012 жылғы «27» желтоқсандағы
№ 531 қаулысымен
бекітілген

«Негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру» мемлекеттік қызмет көрсету регламенті

1. Негізгі ұғымдар

1. Осы «Негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру» мемлекеттік қызмет көрсету регламентінде (бұдан әрі – Регламент) мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) білім мекемесі – меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасының орта білім беру мекемесі;

2) жергілікті атқарушы орган (әкімдік) - облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган (әрі қарай - Ж А О) ;

3) ҚФБ - құрылымдық-функционалдық бірліктер: уәкілетті органдардың жауапты тұлғалары, мемлекеттік органдардың құрылымдық бөлімшелері, мемлекеттік органдар, ақпараттық жүйелер немесе олардың ішкі жүйелері;

4) мемлекеттік қызметті алушы – жеке тұлға;

5) уәкілетті орган – «Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі;

6) экстернат – білім алушы сабаққа үнемі қатыспай-ақ тиісті білім беру бағдарламасының оқу пәндерін өз бетімен оқитын оқыту нысандарының бірі.

2. Жалпы ережелер

2. Осы Регламент «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1 бабы 4 тармағына сәйкес әзірленген.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету Регламенттің 1, 2 қосымшаларына сәйкес «Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі – уәкілетті орган) және Есіл ауданының білім мекемелерімен көрсетіледі.

4. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: автоматтандырылмаған.

5. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

6. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабы 4 тармағы 21-3) тармақшасына, «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, жергілікті атқарушы органдар көрсететін білім және ғылым саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 тамыздағы № 1119 қаулысымен бекітілген «Негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру» мемлекеттік қызмет стандартына с ә й к е с ұ с ы н ы л ғ а н .

7. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі- экстернат нысанында оқуға рұқсат беру немесе қызметті ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауапты беру.

8. Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға көрсетіледі (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет алушы).

3. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібіне қойылатын талаптар

9. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы толық ақпарат білім беру ұйымдары ғимараттарының ақпараттық стендтерінде, сондай-ақ Esil@edu-sko.kz уәкілетті органның ресми сайтында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің www.edu.gov.kz сайтында орналастырылады.

10. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі алушы осы Регламенттің 13-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап он бес ж ұ м ы с к ү н і н қ ұ р а й д ы .

11. Мемлекеттік қызмет демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Алдын ала жазылу және жеделдетіп қызмет көрсету қарастырылмаған.

12. Мемлекеттік қызмет көрсету уәкілетті органның көрсетуімен алушы экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру үшін уәкілетті органның көрсетуімен анықталатын білім беру мекемелерінің ғимаратында іске асады.

Ғимараттың ішіндегі қызмет көрсетілетін орынжайлар көлемі, орналасуы және кескіні жағынан сапалы қызмет көрсетуге арналған талаптарға сай келеді. Күтуге және қажетті құжаттарды дайындауға қолайлы болуы үшін креслолар мен о р ы н д ы қ т а р қ о й ы л ғ а н .

13. Мемлекеттік қызметті алу үшін өтінішке мыналар қоса беріледі:

1) білім алушының денсаулығының жағдайы туралы медициналық-әлеуметтік сараптаманың анықтама-қорытындысын (бұдан әрі – МӘС);

2) білім алушының ата-аналары немесе оларды алмастыратын тұлғалардың шетелде уақытша тұратындығы туралы анықтаманы, оқушылар алмасу желісі бойынша шетелде білім алғандығын растайтын құжатты;

3) білім алушылардың соңғы оқыған сыныбында берілген үлгерім табелінің көшірмесін (нотариалды расталған) ұсынады.

14. Мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті барлық құжаттарды тапсырған кезде алушыға алынған күні туралы белгі қойылған тізімдеме беріледі:

- 1) сұранысты қабылдау нөмірі мен күні;
- 2) сұратқан мемлекеттік қызметтің түрі;
- 3) қосымшада берілген құжаттардың саны мен атаулары;
- 4) құжаттарды беру күндері (уақыты) мен орындары;
- 5) құжаттарды ресімдеуге өтінішті қабылдаған қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты;
- 6) мемлекеттік қызмет алушының тегі, аты, әкесінің аты, оның байланыс телефоны.

15. Көрсетілген қызмет нәтижесін жеткізу – мемлекеттік қызметті алушының жеке қатысуымен болады.

16. Мемлекеттік қызметті ұсынуда бас тарту үшін келесілер негіз болып келеді:

- 1) мемлекеттік қызметті алушы осы Регламенттің 13-тармағында көрсетілген құжаттар пакетін толық ұсынбаған жағдайда;
- 2) денсаулық жағдайына байланысты жалпы білім беру ұйымдарында оқуға мүмкіндігі жоқ тұлғаларға;
- 3) шетелде уақытша тұратын немесе тұрақты тұруға кеткен, немесе оқушылардың халықаралық алмасу желісінде шетелде білім алушыларға;
- 4) негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарында уақытында оқуын аяқтамаған тұлғаларға мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартылады.

17. Мемлекеттік қызметті алу үшін алушыдан өтініш алған сәттен бастап мемлекеттік қызметтің нәтижесін беру сәтіне дейінгі мемлекеттік қызмет көрсету кезеңдері:

- 1) мемлекеттік қызмет алушы ағымдағы оқу жылының 1 желтоқсанынан кешіктірмей білім беру ұйымы басшысының атына еркін нысанда өтінішті және Регламенттің 13-тармағында қарастырылған құжаттарды ұсынады, білім беру ұйымының жауапты тұлғасы келіп түскен өтініштерді журналға тіркейді және мемлекеттік қызметті алушыға құжаттардың алынған күні туралы белгі қойылған тізімдемені береді;
- 2) білім беру ұйымның бастығы қарар қойып, білім беру ұйымының жауапты тұлғасына орындау үшін жібереді;
- 3) білім беру ұйымының жауапты тұлғасы уәкілетті органға ілеспе хатпен барлық құжаттар жиынтығын жібереді;
- 4) уәкілетті органның маманы келіп түскен хатты тіркейді, қарар қою үшін уәкілетті орган басшысына жібереді;
- 5) уәкілетті органның басшысы қарар қойып, орындау үшін уәкілетті органның жауапты маманына жібереді;
- 6) уәкілетті органның жауапты маманы келіп түскен құжаттардың және деректердің толықтығын және сенімділігін тексеруді іске асырады, экстернат

нысанында оқуға рұқсатты даярлайды немесе дәйекті себептері көрсетілген қызмет көрсетуден бас тарту құжатын дайындайды;

7) жергілікті атқарушы орган мемлекеттік қызмет алушыға экстернат нысанында оқуға рұқсат береді немесе себептері көрсетілген қызмет көрсетуден б а с т а р т а д ы ;

8) уәкілетті органның маманы мемлекеттік қызмет көрсету қорытындысын білім беру ұйымына жібереді;

9) білім беру ұйымының жауапты тұлғасы мемлекеттік қызмет көрсету қорытындысын тіркейді және мемлекеттік қызмет алушыға экстернат нысанында оқуға рұқсат беру немесе себептері көрсетілген қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты береді.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі іс-әрекет (өзара іс-әрекет) тәртібінің сипаттамасы

18. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде мынадай ҚФБ әрекет етеді:

1) білім беру ұйымының жауапты тұлғасы;

2) білім беру ұйымының басшысы.

3) уәкілетті органның маманы;

4) уәкілетті органның басшысы;

5) Ж А О ;

6) уәкілетті органның жауапты маманы.

19. Әрбір әкімшілік іс-әрекеттің (рәсімнің) орындалу мерзімі көрсетіле отырып, әрбір ҚФБ әкімшілік іс-әрекеттерінің (рәсімдердің) дәйектілігі мен өзара іс-әрекетінің мәтіндік кестелік сипаттамасы осы регламенттің 3-қосымшасында к е л т і р і л г е н .

20. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісіндегі әкімшілік іс-әрекеттердің қисынды дәйектілігі мен ҚФБ арасындағы өзара байланысты айғақтайтын сызба осы регламенттің 4-қосымшасында келтірілген.

5. Мемлекеттік қызметті көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі

21. Мемлекеттік қызметті көрсетуге жауапты тұлғаларға регламенттің 18 тармағында көрсетілген мемлекеттік қызмет көрсетуге қатысатын (бұдан әрі – лауазымды тұлғалар) барлық лауазымды тұлғалар жатады.

Лауазымды тұлғалар мемлекеттік қызметті сапалы және тиімді көрсетуге жауапты болады, сонымен қатар мемлекеттік қызмет көрсетуде қабылданған

шешімдері мен іс-әрекеттеріне (жауапсыздығына) жауапты, мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіппен көрсетілген мерзімде орындауға міндетті.

«Негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру» мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне
1 қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша уәкілетті орган

Уәкілетті органның атауы	Заңды мекен-жайы	Жұмыс кестесі	Байланыс телефоны
«Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Явленка селосы, Ленин көшесі, 12	Күн сайын сағат 9.00 -ден 18.30-ға дейін, 13.00-ден 14.30 -ға дейін түскі үзіліс, демалыс - сенбі және жексенбі	8(71543)2-15-66

«Негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру» мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне
2 қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша білім беру ұйымдары

№	Білім ұйымының атауы	Заңды мекен-жайы	Жұмыс кестесі	Байланыс телефон
1	«Алқа бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Алқа с. Ы.Алтынсарин к. 8	Күнделікті с 09.00 до 18.00 дейін, 13.00-14.00 түскі үзіліс, демалыс күні- сенбі, жексенбі	8 (71543) 5-25-95
2	«Амангелді бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Амангелді с. Ленин к. 71	Күнделікті с 09.00 до 18.00 дейін, 13.00-14.00 түскі үзіліс, демалыс күні-сенбі, жексенбі	8 (71543) 5-21-29
3	«Двинск бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Двинск с. Центральная к. 30	Күнделікті с 09.00 до 18.00 дейін, 13.00-14.00 түскі үзіліс, демалыс күні- сенбі, жексенбі	8 (71543) 5-32-10
4			Күнделікті с 09.00 до 18.00 дейін, 13.00-14.00 түскі	8 (71543) 2-27-00

	«Еңбек бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Еңбек с. Школьная к. 4	үзіліс, демалыс күні- сенбі, жексенбі	
5	«Жекекөл бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Жекекөл с. Жекекөл к. 44	Күнделікті с 09.00 до 18.00 дейін, 13.00-14.00 түскі үзіліс, демалыс күні- сенбі, жексенбі	8 (71543) 5-32-07
6	«Қаратал бастауыш мектебі» коммуналды мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Қаратал с. Абай к. 27	Күнделікті с 09.00 до 18.00 дейін, 13.00-14.00 түскі үзіліс, демалыс күні-жексенбі	8 (71543) 5-17-08
7	«Леонидовка бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Леонидовка с. Школьная к. 6	Күнделікті с 09.00 до 18.00 дейін, 13.00-14.00 түскі үзіліс, демалыс күні-жексенбі	8 (71543) 5-12-82
8	«Оседлое бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Оседлое с. Индустриальная к. 13	Күнделікті с 09.00 до 18.00 дейін, 13.00-14.00 түскі үзіліс, демалыс күні-жексенбі	8 (71543) 5-16-10
9	«Сарман бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Сарман с. Сарман к. 6	Күнделікті с 09.00 до 18.00 дейін, 13.00-14.00 түскі үзіліс, демалыс күні-жексенбі	8 (71543) 5-32-28
10	«Славянка бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Славянка с. Комаров к. 23	Күнделікті с 09.00 до 18.00 дейін, 13.00-14.00 түскі үзіліс, демалыс күні-жексенбі	8 (71543) 5-21-83
11	«Совет бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Советское с. Ворошилов к. 1	Күнделікті с 09.00 до 18.00 дейін, 13.00-14.00 түскі үзіліс, демалыс күні-жексенбі	8 (71543) 3-14-80
12	«Стрельниковка бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Стрельниковка с. Школьная к. 40	Күнделікті с 09.00 до 18.00 дейін, 13.00-14.00 түскі үзіліс, демалыс күні-жексенбі	8 (71543) 3-12-85
13	«Октябрь бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Талапкер с. Школьная к. 14	Күнделікті с 09.00 до 18.00 дейін, 13.00-14.00 түскі үзіліс, демалыс күні-жексенбі	8 (71543) 5-17-70
14	«Ақтас негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Ақтас Жеңіс к. 3	Күнделікті с 09.00 до 18.00 дейін, 13.00-14.00 түскі үзіліс, демалыс күні-жексенбі	8 (71543) 3-12-48
15	«Алабие негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Алабие с. Центральная к. 3	Күнделікті с 09.00 до 18.00 дейін, 13.00-14.00 түскі үзіліс, демалыс күні-жексенбі	8 (71543) 3-15-64
16			Күнделікті с 09.00 до 18.00 дейін, 13.00-14.00 түскі	8 (71543) 2-48-15

	«Бірлік негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Бірлік ауылы Ленин к. 31	үзіліс, демалыс күні-жексенбі	
17	«Горное негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Горное с. Подгорное к. 3	Күнделікті с 09.00 до 18.00 дейін, 13.00-14.00 түскі үзіліс, демалыс күні-жексенбі	8 (71543) 5-24-40
18	«Жарғайың негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Жарғайың с. Жумабаев к. 23	Күнделікті с 09.00 до 18.00 дейін, 13.00-14.00 түскі үзіліс, демалыс күні-жексенбі	8 (71543) 2-74-03
19	«Ивано-Петровка негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Ивано-Петровка с. Школьная к. 14	Күнделікті с 09.00 до 18.00 дейін, 13.00-14.00 түскі үзіліс, демалыс күні-жексенбі	8 (71543) 5-32-26
20	«Қара-Ағаш негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Қара-Ағаш с. Центральная к. 19	Күнделікті с 09.00 до 18.00 дейін, 13.00-14.00 түскі үзіліс, демалыс күні-жексенбі	8 (71543)5-33-80
21	«Қарағай негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Қарағай с. Школьная к. 12	Күнделікті с 09.00 до 18.00 дейін, 13.00-14.00 түскі үзіліс, демалыс күні-жексенбі	8(71543) 5-12-74
22	«Лузинка негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Лузинка с. Школьная к. 2	Күнделікті с 09.00 до 18.00 дейін, 13.00-14.00 түскі үзіліс, демалыс күні-жексенбі	8 (71543) 5-32-59
23	«Мектеп негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Мектеп с. Школьная к. 10	Күнделікті с 09.00 до 18.00 дейін, 13.00-14.00 түскі үзіліс, демалыс күні-жексенбі	8 (71543) 5-12-73
24	«Новоузенка негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Новоузенка с. Ульянов к. 8	Күнделікті с 09.00 до 18.00 дейін, 13.00-14.00 түскі үзіліс, демалыс күні-жексенбі	8 (71543) 5-25-93
25	«Ж.Қизатов атындағы Есіл ауылшаруашылық колледжінің жанындағы негізгі мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Покровка с. Строительная к. 49 А	Күнделікті с 09.00 до 18.00 дейін, 13.00-14.00 түскі үзіліс, демалыс күні-жексенбі	8 (71543) 2-37-69
26	«Тонкошуровка негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Тонкошуровка с. Школьная к. 8	Күнделікті с 09.00 до 18.00 дейін, 13.00-14.00 түскі үзіліс, демалыс күні-жексенбі	8 (71543) 5-21-95
27	«Черуновка негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Черуновка с. Школьная к. 19	Күнделікті с 09.00 до 18.00 дейін, 13.00-14.00 түскі үзіліс, демалыс күні-жексенбі	8 (71543) 5-21-09
			Күнделікті с 09.00 до 18.00 дейін, 13.00-14.00 түскі	

28	«Александровка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Александровка с. Ленин к. 71	үзіліс, демалыс күні-жексенбі	8 (71543) 5-32-70
29	«Амангелді орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Амангелді с. Мир к. 14	Күнделікті с 09.00 до 18.00 дейін, 13.00-14.00 түскі үзіліс, демалыс күні-жексенбі	8 (71543) 2-54-43
30	«Бесқұдық орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Бесқұдық с. Жуков к. 26	Күнделікті с 09.00 до 18.00 дейін, 13.00-14.00 түскі үзіліс, демалыс күні-жексенбі	8 (71543) 3-37-22
31	«Бұлақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Бұлақ с. С.Мұқанов к. 15	Күнделікті с 09.00 до 18.00 дейін, 13.00-14.00 түскі үзіліс, демалыс күні-жексенбі	8 (71543) 5-27-06
32	«Волошинка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Волошинка с. Октябрь к. 17	Күнделікті с 09.00 до 18.00 дейін, 13.00-14.00 түскі үзіліс, демалыс күні-жексенбі	8 (71543) 3-46-43
33	«Заградовка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Заградовка с. Мир к. 26	Күнделікті с 09.00 до 18.00 дейін, 13.00-14.00 түскі үзіліс, демалыс күні-жексенбі	8 (71543) 3-56-38
34	«Ильинка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Ильинка с. Закиров к. 18	Күнделікті с 09.00 до 18.00 дейін, 13.00-14.00 түскі үзіліс, демалыс күні-жексенбі	8 (71543) 2-71-82
35	«Корнеевка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Корнеевка с. Мир к. 6	Күнделікті с 09.00 до 18.00 дейін, 13.00-14.00 түскі үзіліс, демалыс күні-жексенбі	8 (71543) 3-15-03
36	«Николаевка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Николаевка с. Ленин к. 12	Күнделікті с 09.00 до 18.00 дейін, 13.00-14.00 түскі үзіліс, демалыс күні-жексенбі	8 (71543) 2-65-85
37	«Покровка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Покровка с. Нагорная к. 2	Күнделікті с 09.00 до 18.00 дейін, 13.00-14.00 түскі үзіліс, демалыс күні-жексенбі	8 (71543) 2-31-18
38	«Спасовка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Спасовка с. Интернациональная к. 24	Күнделікті с 09.00 до 18.00 дейін, 13.00-14.00 түскі үзіліс, демалыс күні-жексенбі	8 (71543) 2-66-10
39	«Корнеевка гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Корнеевка с. Молодежная к. 14	Күнделікті с 09.00 до 18.00 дейін, 13.00-14.00 түскі үзіліс, демалыс күні-жексенбі	8 (71543) 3-15-59
40			Күнделікті с 09.00 до 18.00 дейін, 13.00-14.00 түскі	8 (71543) 2-47-60

	«Петровка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Петровка с. Жарков к. 71	үзіліс, демалыс күні-жексенбі	
41	«Тауағаш орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Тау-Ағаш с. Школьная к. 17	Күнделікті с 09.00 до 18.00 дейін, 13.00-14.00 түскі үзіліс, демалыс күні-жексенбі	8 (71543) 2-66-50
42	«Торанғұл орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Торанғұл к. Школьная к. 13	Күнделікті с 09.00 до 18.00 дейін, 13.00-14.00 түскі үзіліс, демалыс күні-жексенбі	8 (71543) 5-31-43
43	«Белгілі ақын - Е.Зікібаев атындағы Өрнек орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Өрнек с. Школьная к. 1	Күнделікті с 09.00 до 18.00 дейін, 13.00-14.00 түскі үзіліс, демалыс күні-жексенбі	8 (71543) 5-21-34
44	«Чириковка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, с.Чириковка ул. Коваленко 5	Күнделікті с 09.00 до 18.00 дейін, 13.00-14.00 түскі үзіліс, демалыс күні-жексенбі	8 (71543) 2-53-36
45	«Совет Одағының батыры Т.Позолотин атындағы №1 Явленка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Явленка с. Ж.Қизатов к. 80	Күнделікті с 09.00 до 18.00 дейін, 13.00-14.00 түскі үзіліс, демалыс күні-жексенбі	8 (71543) 2-11-93
46	«Кинорежиссер – А.Шәжімбаев атындағы №3 Явленка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Явленка с. Коваленко к. 71	Күнделікті с 09.00 до 18.00 дейін, 13.00-14.00 түскі үзіліс, демалыс күні-жексенбі	8 (71543) 2-27-47
47	«Ясновка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Ясновка с. Молодежная к.39 А	Күнделікті с 09.00 до 18.00 дейін, 13.00-14.00 түскі үзіліс, демалыс күні-жексенбі	8 (71543) 3-34-91

«Негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру» мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне
3 қосымша

1. Әкімшілік іс-әрекеттердің (рәсімдердің) дәйектілігі мен өзара іс-әрекетінің сипаттамасы

Негізгі үдерістің (жұмыстар барысының, ағынының) әрекеті							
1	2	3	4	5	6	7	
1	Әрекеттің №	1	2	3	4	5	6

2	ҚФБ атауы	Білім беру ұйымы жауапты тұлғасы	Білім беру ұйымының бастығы	Білім беру ұйымының жауапты тұлғасы	Уәкілетті органның маманы	Уәкілетті органның басшысы	Уәкі орға жауа
3	Әрекеттің (үдерістің, рәсімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Өтініш пен құжаттарды қабылдау және өтінішті тіркеу	Қарар қойып, уәкілетті органына жіберу үшін білім ұйымының жауапты тұлғасына орындау үшін жібереді	Уәкілетті органға ілеспе хатпен барлық құжаттар жиынтығын жібереді	Ілеспе хатты тіркейді, қарар қою үшін уәкілетті орган басшысына жібереді	Қарар қойып, орындау үшін жауапты маманға жібереді	Келі құжыдың дердің ғын ылігін ді ісі ексте оқуға даяр неме себе көрс ген көрс ден құжы дайы ды
4	Аяқтау нысаны	Мемлекеттік қызметті алушыға құжаттардың алынған күні туралы белгі қойылған тізімдемені беру	Қарар	Түскен құжаттар	Түскен құжаттар	Қарар	экст натп рұқс; дәйег көрс ген көрс ден құжа
5	Орындау мерзімдері	Құжаттарды тапсырғанда бірден беріледі	1 жұмыс күні мерзімінде	1 жұмыс күні мерзімінде	15 минут ішінде	1 сағат ішінде	1 жұ мер мінде
6	Келесі әрекеттің нөмірі	2	3	4	5	6	7

2. сызба Пайдалану нұсқалары (негізгі үдеріс)

Білім беру ұйымы жауапты тұлғасы	Білім беру ұйымының басшысы	Уәкілетті органның маманы	Уәкілетті органның басшысы	Уәкілетті маманы
----------------------------------	-----------------------------	---------------------------	----------------------------	------------------

1 Өтінішті және құжаттарды қабылдау, тіркеу және мемлекеттік қызметті алушыға құжаттардың алынған күні туралы белгі қойылған тізімдемені беру	2 әрекет Қарар қойып, уәкілетті органына жіберу үшін білім ұйымының жауапты тұлғасына орындау үшін жібереді	4 әрекет Құжаттарды тіркейді, қарар қою үшін уәкілетті орган басшысына жібереді	5 әрекет Қарар қойып, орындау үшін жауапты маманға жібереді	6 Келіп түс деректер сенімділ асырады рұқсатты
3 Уәкілетті органға барлық құжаттар жиынтығын жібереді		8 әрекет Білім беру ұйымына рұқсат етуге жібереді		
9 оқуға рұқсат етуді тіркейді және мемлекеттік қызметті алушыға береді				

3 сызба. Пайдалану нұсқалары (альтернативті үдеріс)

Беру ұйымы жауапты тұлғасы	Білім беру ұйымының басшысы	Уәкілетті органның маманы	Уәкілетті органның басшысы	Уәкілетті маманы
1 Өтінішті және құжаттарды қабылдау, тіркеу және мемлекеттік қызметті алушыға құжаттардың алынған күні туралы белгі қойылған тізімдемені беру	2 әрекет Тұлғаны экстернат нысанында аттестацияға жіберу туралы бұйрыққа қол қойылады	4 әрекет Құжаттарды тіркейді, қарар қою үшін уәкілетті орган басшысына жібереді	5 әрекет Қарар қойып, орындау үшін жауапты маманға жібереді	6 Келіп түс деректер сенімділ асырады көрсетіл бас тарту
3 Уәкілетті органға барлық құжаттар жиынтығын жібереді		8 әрекет Білім беру ұйымына дәйекті себептері көрсетілген қызмет көрсетуден бас тарту туралы жауап жібереді		
9 дәйекті себептері көрсетілген қызмет көрсетуден бас тарту туралы жауапты тіркейді, және мемлекеттік қызметті алушыға береді				

«Негізгі білім нысанында мемлекеттік 4 қосымша орта, беру оқытуға қызмет орта жалпы ұйымдарында рұқсат көрсету орта экстернат беру» регламентіне

Әкімшілік іс-әрекеттің логикалық жүйелілігі арасындағы байланысты көрсететін кесте

